

Тіл үйренуші өз пікірін жасқанбай айта білуге, басқалармен қарым-қатынас жасай білуге дағдыланады. Басқалардың сын пікірлерін дұрыс қабылдай білуге, жақсыға ұмтылады.

Сөз соңында айтарымыз, интерактивті оқыту теориялық та практикалық та тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің біріне саналады. Ал интерактивті оқыту формаларын, әдістерін пайдалану оқытушының тіл үйренушімен қарым-қатынас жағдайын аса шеберлік білімділікті уақыт талабына сай таңдауды қалайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иембердиева Г. Тіл үйретудің тиімді жақтары./Республика ұстаздары/ шілде, 2008.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазан, 2004.
3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Мұрагер, 2005.
4. Күзекова З.С. Қазақ тілі. Алматы: Атамұра, 2003.

### ТІЛДІК ЖӘНЕ ТІЛДІК ЕМЕС НОРМАДАН ПРАГМАТИКАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ АУЫТҚУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТИПТЕРІ

**Р.Адилбеков, Ш.Хамидова**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр оқытушылары  
Кентау қаласы, Қазақстан.

#### Резюме

Язык-это среда обитания человека, духовная среда определенного сообщества, национального коллектива. Духовное развитие людей напрямую зависит от здорового благополучия языковой среды, так называемого родным языком. Особое значение имеет экологическое рассмотрение многообразной проблемы языка.

#### Summary

Language is a human habitat, a spiritual environment of a certain community, a national collective. Spiritual development of people directly depends on the healthy well-being of the language environment, the so-called native language. Of particular importance is the environmental consideration of the diverse problem of language.

Елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің аса маңызды факторларының бірі – ұлттың тұтастығы мен бірлігі. Ал ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығы оның әдебилігімен тығыз байланысты. Өйткені ұлтты ұйыстыратын, оны өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілі.

Халықтың ғасырлар бойы келе жатқан тіліне, оның дәстүрлі нормаларына сүйене отырып, ұлы суреткерлер, мәдениет, ғылым, қоғам қайраткерлері